**SaidKhan ЖСШ «Саид» балабақшасы**

**Бекітемін**

**ЖШС «Саид» балабақшасының**

**Меңгерушісі:Ергалиева.А.Ш**

**«5» қыркүйек 2024ж**

# «Тілдер мерекесі»




**2024 жыл**

**2024 жыл**

**Мақсаты:** Мемлекеттік тілдің маңызы туралы түсінік беру. Сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі қазақ тілін ұрпақтың бойына сіңіре білуге және туған жерін сүюге, қадірлеуге, бағалап мақтан етуге тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:**Сәлеметсіздер ме,құрметті қонақтар және балалар! Біздің тобымыздың **«Тілдер мерекесі»** атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Бүгін біз Қазақстанымыздың тіл мерекесін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын!  Ендеше бүгінгі мерекені бастау үшін «Балапан» тобының кішкене бүлдіршіндерін ортаға шақырайық.

**(Балалар ән ырғағымен залға кіреді)**

**Шаттық шеңбері**

Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,

Туған тілім-анам тілі-өз тілім.

Туған тілім-далам тілі-өз тілім,

Туған тілім-адам тілі-өз тілім.

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде әнім менен сәнім бар.

**Тәрбиеші:** Балалар шеңберге тұрып, педагогпен бірге бүгінгі күндеріне сәттілік тілейді.

**Тәрбиеші:** Балалар біздер қай елде тұрамыз?

-Біздің елбасымыздың аты кім?

-Біз қай тілде сөйлейміз?

-Балалар бүгін бізде мереке. Қандай мереке білесіңдер ме?

- Бүгін 22 қыркүйек тіл мерекесі.

Ана тілі-адам болып жаралғаннан бері адамның жан дүниесінің айнасы, мәңгі құрметтейтін бәйтерегі.

**Тәрбиеші:**Тіл туралы қандай тақпақ білесіңдер?

**Зере:**Ана тілің-арың бұл

Ұятың боп тұр бетте,

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте

**Әли:** Ана тілім бал тілім

Өзің барда шалқыдым

Өз тілімде ән шырқап

Термелетіп балқыдым

**Ерхан:** Ақыл ойын дананың

Ана тілден аламын

Ана тілім ардақты

Ақ сүтіндей анамның.

**Наима:** Тілім барда мақтанам.

Тілім менің аппақ ән

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаған.

**Толғанай:** Өсірген ой білімді

Сүйем туған тілімді

Мақсат етем әр сөздің

Мәнін терең білуді

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар тіл туралы көптеген тақпақтар біледі екенсіңдер.Ендеше бәріміз бірігіп ойын ойнайық.

**Дидактикалық ойын: «Кім зерек?»**

**Ойын шарты:**Тақтадан жануардың суреті беріледі. Сол суретке қарап, бала жануардың атын атап және сол жануардың төлінің атын атау керек.

**Тәрбиеші**: Осымен біздің Тіл мерекесіне арналған оқу қызметіміз өз мәресіне жетті.Оқу қызметіне жақсы атсалысып қатыстыңыздар.

ate
4/09









